

ISSN (Print) 2616-7263  
ISSN (Online) 2663-1261

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**BULLETIN**

of L.N. Gumilyov Eurasian  
National University

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР** сериясы

**TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGY** Series

Серия **ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

№3(128)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

**Нұр-Сұлтан, 2019**

**Nur-Sultan, 2019**

**Нур-Султан, 2019**

*Бас редакторы Мерзадинова Г.Т.  
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Жусупбеков А.Ж.  
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Тогизбаева Б.Б.  
т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Сарсембаев Б.К.  
т.ғ.к., доцент, Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Редакция алқасы*

<b>Акира Хасегава</b>	проф., Хачинохе технологиялық институты, Хачинохе, Жапония
<b>Акитоши Мочизуки</b>	проф., Токусима Университеті, Токусима, Жапония
<b>Базарбаев Д.О.</b>	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан
<b>Байдабеков А.К.</b>	т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Дер Вэн Чанг</b>	проф., Тамкан Университеті, Тайбэй, Тайвань
<b>Жардемов Б.Б.</b>	т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Жумагулов М.Г.</b>	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Йошинори Ивасаки</b>	проф., Геологиялық зерттеулер институты, Осака, Жапония
<b>Калякин В.Н.</b>	проф., Делавэр Университеті, Ньюарк, АҚШ
<b>Тадатсугу Танака</b>	проф., Токио Университеті, Токия, Жапония
<b>Хое Линг</b>	проф. Колумбия Университеті, Нью-Йорк, АҚШ
<b>Чекаева Р.У.</b>	а.к., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Шахмов Ж.А.</b>	PhD, доцент., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Юн Чул Шин</b>	проф., Инчеон ұлттық университеті, Инчеон, Оңтүстік Корея

0

*Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 349 б.  
Тел: +7 (7172) 709-500 (ішкі 31-428). E-mail: [vest\\_techsci@enu.kz](mailto:vest_techsci@enu.kz)*

*Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: А. Нұрболат*

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.**  
**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК  
Мерзімділігі: жылына 4 рет  
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018ж.  
№16991 -ж тіркеу күәлігімен тіркелген  
Тиражы: 25 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі 12/1  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел: +7 (7172)709-500 (ішкі 31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

*Editor-in-Chief* **Gulnara Merzadinova**

*Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*Deputy Editor-in-Chief* **Askar Zhussupbekov**

*Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*Deputy Editor-in-Chief* **Baglan Togizbayeva**

*Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*Deputy Editor-in-Chief* **Bayandy Sarsembayev**

*Assoc. Prof., Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

***Editorial Board***

<b>Akira Hasegawa</b>	Prof., Hachinohe Institute of Thechnology, Hachinohe, Japan
<b>Akitoshi Mochizuki</b>	Prof., University of Tokushima, Tokushima, Japan
<b>Daniyar Bazarbayev</b>	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Auez Baydabekov</b>	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Rahima Chekaeva</b>	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Der Wen Chang</b>	Prof., Tamkang University, Taipei, Taiwan (ROC)
<b>Eun Chul Shin</b>	Prof., Incheon National University, Incheon, South Korea
<b>Hoe Ling</b>	Prof., Columbia University, New York, USA
<b>Viktor Kaliakin</b>	Prof., University of Delaware, Newark, Delaware, USA
<b>Zhanbolat Shakhmov</b>	Assoc.Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Tadatsugu Tanaka</b>	Prof., University of Tokyo, Tokyo, Japan
<b>Yoshinori Iwasaki</b>	Prof., Geo Research Institute, Osaka, Japan
<b>Bolat Zardemov</b>	Doctor of Engineering, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Mihail Zhumagulov</b>	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

*Editorial address:*

2, Satpayev str., of. 349, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,  
010008

Tel.: +7 (7172) 709-500 (ext. 31-428), E-mail: vest\_techsci@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout:* Aizhan Nurbolat

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University.**

**TECHNICAL SCIENCES and TECHNOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct "L.N. Gumilyov Eurasian National University" Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Periodicity: 4 times a year

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan

Registration certificate №16991-ж from 27.03.2018. Circulation: 25 copies

Address of Printing Office: 12/1 Kazhimukan str., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan 010008

Tel: +7 (7172) 709-500 (ext.31-428). Website: <http://bultech.enu.kz>

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

*Главный редактор Мерзединова Г.Т.*  
*д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

*Зам. главного редактора Жусупбеков А.Ж.*  
*д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

*Зам. главного редактора Тогизбаева Б.Б.*  
*д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

*Зам. главного редактора Сарсембаев Б.К.*  
*к.т.н., доцент, Назарбаев университет, Нур-Султан, Казахстан*

*Редакционная коллегия*

<b>Акира Хасегава</b>	проф., Технологический институт Хачинохе, Хачинохе, Япония
<b>Акитоши Мочизуки</b>	проф., Университет Токусима, Токусима, Япония
<b>Базарбаев Д.О.</b>	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Казахстан
<b>Байдабеков А.К.</b>	д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Дер Вэн Чанг</b>	проф., Тамканский Университет, Тайбэй, Тайвань
<b>Жардемов Б.Б.</b>	д.т.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Жумагулов М.Г.</b>	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Йошинори Ивасаки</b>	проф., Институт геологических исследований, Осака, Япония
<b>Калякин В.Н.</b>	проф., Делаверский Университет, Ньюарк, США
<b>Тадатсугу Танака</b>	проф., Токийский Университет, Токио, Япония
<b>Хое Линг</b>	проф., Колумбийский университет, Нью-Йорк, США
<b>Чекаева Р.У.</b>	к.а., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Шахмов Ж.А.</b>	PhD, доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<b>Юн Чул Шин</b>	проф., Инчхонский национальный университет, Инчхон, Южная Корея

*Адрес редакции:* 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, каб. 349  
*Тел:* +7(7172) 709-500 (вн. 31-428). *E-mail:* [vest\\_techsci@enu.kz](mailto:vest_techsci@enu.kz)

*Ответственный секретарь, компьютерная верстка:* А. Нурболат

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.**

**Серия ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

Собственник: РГП на ПХВ "Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева" МОН РК

Периодичность: 4 раза в год

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Регистрационное свидетельство №16991-ж от 27.03.2018 г.

Тираж: 25 экземпляров. Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

МАЗМҰНЫ

<i>Байхожаева Б.Ұ., Абенова А.А.</i> Тағамдық өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды мемлекеттік тапсырма	8
<i>Жакупова А.Е., Калманова Д.М., Жұбаниязова К.Қ., Абсалым К.А.</i> Симметриялы емес диметилгидразиннің (СЕДМГ) зымыран-тасығыштар сатыларының құлау аудандарындағы қоршаған ортаға әсері	15
<i>Жусин Б.Т., Гуляренко А.А., Тайманова Г.К., Түймебай А.С.</i> Топырақ өңдеу машиналарының жұмыс органдарының әдірлікті қауіпсіздігін зерттеу әдістемесі	22
<i>Замалитдинова М.Г., Ткачева И.П., Ергалиев Д.С., Сейтқожина А.</i> Ғарыш суреттерін пайдалану негізінде NDVI өсімдік индексі қолдануымен Арал теңізі аймағында өсімдіктердің өзгеруін зерттеу	32
<i>Келаманов Б.С., Жумағалиев Е.У., Сариев О.Р., Абдирашит А.М., Бурумбаев А.Г.</i> Fe-W-Si-C жүйесінің термодинамикалық-диаграммалық талдауы	39
<i>Нурпеисова М.Б., Левин Е., Кыргызбаева Г.М., Доненбаева Н.С.</i> Ашық және жерасты тау-кен қазбаларының өзара әсерінен туындайтын геомеханикалық процестерді математикалық модельдеу	45
<i>Ниязбекова Р.К., Ибжанова А.А., Веретельников Н.В., Джанахметов У.К.</i> Сабаннан жасалған қағаздың тосқауыл қасиеттерін және микро және нанобөлшектерінің өткізгіштігін зерттеу, жаңа өнімді стандарттау үшін ұсыныстар	51
<i>Оразбаев Б.Б., Сейтова Н.Н., Оразбаева К.Н., Серимбетов Б.А., Мазатова В.Е.</i> Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының математикалық модельдер кешенін жүйелік талдау негізінде құру	57
<i>Рамазанова Ж.М., Мустафа Л., Ергалиев Д., Жакупова А., Бейсембаева Б.</i> Электродит ерітінділерінде микроплазмалық емдеу процесін зерттеу	67
<i>Семенов Ш.Ж., Боранбаев С.Н., Касенова М.Н., Сейлов А.А., Шингисов Д.С.</i> Ақпараттық-коммуникациялық трафикті интеллектуалды талдау	76
<i>Сузев Н.А., Утепов Е.Б., Роот Е.Н., Шахматов Ж.А., Линг Х.И., Жусупбеков А.Ж.</i> Өздігінен тығыздалатын бетонның құрылыс алаңдарына әсері	88
<i>Туленов А., Шойбеков Б.Ж., Усипбаев У.А., Кокаев У.Ш., Абдираимов Е.Е.</i> Автомобиль көлігі жылжымалы құрамын техникалық пайдалану нормативтерін бағалау	98
<i>Утепов Е.Б., Казеев А.Б., Калякин В.Н., Жусупбеков А.Ж.</i> Құрылысты жоспарлау үшін кеңейтілген шындықтың мәні	104
<i>Цой А.П., Алимжешова А.Х.</i> Фермадағы сүтті салқындатуға арналған жердің тиімді сәулеленуін пайдаланатын құрылысы	111

**BULLETIN OF L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY.  
TECHNICAL SCIENCE AND TECHNOLOGY SERIES**

№3(128)/2019

**CONTENTS**

<i>Baikhozhayeva B.U., Abenova A.A.</i> Quality assurance and food safety - an important State task	8
<i>Zhakupova A.Y., Kalmanova D.M., Zhubaniyazova K.K., Absalyam K.A.</i> Influence of asymmetric dimethylhydrazine on the environmental condition in the falling areas of stages of rocket	15
<i>Zhusin B.T., Guliarenko A.A., Taimanova G.K., Tuimebay A.S.</i> To determination of wear-resistance of working bodies of soil machining machines	22
<i>Zamalitdinova M.G., Tkacheva I.P., Ergaliev D.S., Seitkogina A.</i> Study of vegetation changes in the Aral Sea zone based on satellite images using the vegetative index NDVI	32
<i>Kelamanov B.S., Zhumagaliyev Ye.U., Sariyev O.R., Abdirashit A.M., Burumbayev A.G.</i> Thermodynamic diagram analysis of the system Fe-W-Si-C	39
<i>Nurpeisova M.B., Levin E., Kirgizbayeva G.M., Donenbaeva N.S.</i> Mathematical modeling of geomechanical processes with the mutual influence of open and underground mining	45
<i>Niyazbekova R.K., Ibzhanova A.A., Veretelnikov N.V., Dzhanakhmetov U.K.</i> Studies of the barrier properties and transmittance of micro-and nanoparticles of paper from straw and recommendations for standardization of new products	51
<i>Orazbayev B.B., Seitova N.N., Orazbayeva K.N., Serimbetov B.A., Makhatova V.E.</i> Development of mathematical models of the main units of the sulfur production unit based on system analysis	57
<i>Ramazanova Zh.M., Mustafa L., Ergaleev D., Zhakupova A., Beisembayeva B.</i> Investigation of the process of microplasma treatment in electrolyte solutions	67
<i>Seilov Sh.Zh., Boranbayev S.N., Kassenova M.N., Seilov A.A., Shingissov D.S.</i> Intellectual analysis of information and communication traffic	76
<i>Suzev N.A., Utepov Ye.B., Root Ye.N., Shakhmov Zh.A., Ling H.I., Zhussupbekov A.Zh.</i> Impact of self-compacting concrete for construction sites	88
<i>Tulenov A., Shoybekov B.Zh., Usipbaev U.A., Kokayev U.Sh., Abdiraimov E.E.</i> The technical operation's standards evaluation of the road transport's rolling stock	98
<i>Utepov Ye.B., Kazkeev A.B., Kaliakin V.N., Zhussupbekov A.Zh.</i> Value of augmented reality for construction planning	106
<i>Coj A.P., Alimkeshova A.H.</i> Setting for cooling milk on a farm, using efficient earth radiation	111

СОДЕРЖАНИЕ

	8
<i>Байхожжаева Б.У., Абенова А.А.</i> Обеспечение качества и безопасности продуктов питания – важное государственное поручение	
<i>Жакупова А.Е., Калманова Д.М., Жубаниязова К.К., Абсалям К.А.</i> Воздействие несимметричного диметилгидразина (НДМГ) на состояние окружающей среды в районах падения ступеней ракет-носителей	15
<i>Жусин Б.Т., Гуляренко А.А., Тайманова Г.К., Туймебай А.С.</i> К определению износостойкости рабочих органов почвообрабатывающих машин	22
<i>Замалитдинова М.Г., Ткачева И.П., Ергалиев Д.С., Сейткожина А.</i> Исследование изменения растительности в зоне Аральского моря на основе космических снимков с использованием вегетационного индекса NDVI	32
<i>Келаманов Б.С., Жумагалиев Е.У., Сариев О.Р., Абдирашит А.М., Бурумбаев А.Г.</i> Термодинамически-диаграммный анализ системы Fe-W-Si-C	39
<i>Нурпеисова М.Б., Левин Е., Кыргызбаева Г.М., Доненбаева Н.С.</i> Математическое моделирование геомеханических процессов при взаимном влиянии открытых и подземных горных выработок	45
<i>Ниязбекова Р.К., Ибжанова А.А., Веретельников Н.В., Джанахметов У.К.</i> Исследования барьерных свойств и пропускаемости микро- и наночастиц бумаги из соломы и рекомендации для стандартизации новой продукции	51
<i>Оразбаев Б.Б., Сейтова Н.Н., Оразбаева К.Н., Серимбетов Б.А., Махатова В.Е.</i> Разработка математических моделей основных агрегатов блока производства серы на основе системного анализа	57
<i>Рамазанова Ж.М., Мустафа Л., Ергалиев Д., Жакупова А., Бейсембаева Б.</i> Исследование процесса микроплазменной обработки в растворах электролитов	67
<i>Сеилов Ш.Ж., Боранбаев С.Н., Касенова М.Н., Сейлов А.А., Шингисов Д.С.</i> Интеллектуальный анализ информационно-коммуникационного трафика	76
<i>Сузев Н.А., Утепов Е.Б., Роот Е.Н., Шахмов Ж.А., Линг Х.И., Жусупбеков А.Ж.</i> Эффект самоуплотняющегося бетона для строительных площадок	88
<i>Туленов А., Шойбеков Б.Ж., Усипбаев У.А., Кокаев У.Ш., Абдираимов Е.Е.</i> Оценка нормативов технической эксплуатации подвижного состава автомобильного транспорта	98
<i>Утепов Е.Б., Казкеев А.Б., Калякин В.Н., Жусупбеков А.Ж.</i> Значение дополненной реальности для планирования строительства	104
<i>Цой А.П., Алимжешова А.Х.</i> Установка для охлаждения молока на ферме, использующая эффективное излучение Земли	111

Б.Б. Оразбаев<sup>1</sup>, Н.Н. Сейтова<sup>2</sup>, К.Н. Оразбаева<sup>3</sup>, Б.А. Серимбетов<sup>4</sup>,  
В.Е. Махатова<sup>5</sup>

<sup>1,2</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>3,4</sup> Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

<sup>5</sup> Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, Қазақстан  
(E-mail: batyr\_o@mail.ru, snurg@mail.ru, kulman\_o@mail.ru, sba\_rnmc@mail.ru,  
makhatova\_v@mail.ru)

### Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының математикалық модельдер кешенін жүйелік талдау негізінде құру

**Аңдатпа:** Өзара байланысқан агрегаттар кешенінен тұратын технологиялық жүйенің модельдер пакетін жүйелік талдау тәсілдері көмегімен қолжетімді түрлі ақпараттар негізінде құру методикасы жасақталып, күкірт өндіру блогы мысалында жүзеге асырылған.

Жинақталған және өңделген эксперименталдық-статистикалық деректер мен эксперттік ақпараттар негізінде, сондай-ақ регрессорларды тізбектей қосу тәсілі идеясын қолдана отырып реакторлар шығысындағы күкірт көлемін анықтайтын модельдер құрылымы көпрегрессиялық теңдеулер жүйесі түрінде идентификацияланған, ал Клаус реакторы шығысындағы күкірт сапасын бағалайтын модельдер айқын емес регрессиялық теңдеулер түрінде тұрғызылған. Регрессиялық коэффициенттерді параметрлік идентификациялау ең кіші квадраттар тәсілі негізінде REGRESS программалар пакетін қолдану арқылы идентификацияланған, ал айқын емес коэффициенттерді анықтау аталған тәсілді  $\alpha$  деңгейлі жиындар негізінде айқын емес жиындар теориясы тәсілдерін пайдалана отырып түрлендіру арқылы орындалған. Сонымен Атырау МӨЗ күкірт өндіру блогы термо және Клаус реакторларының математикалық модельдері құрылған.

**Түйін сөздер:** күкірт өндіру блогы, математикалық модель, жүйелік талдау, айқын емес ақпарат, айқын емес модель, құрылымдық, параметрлік идентификациялау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7263-2019-128-3-57-66>

**1. Кіріспе.** Мұнай өңдеу өндірісінде, мысалы Атырау мұнай өңдеу зауытында, қолданыстағы күкірт өндіру блогы, бір уақытта көптеген түрлі параметрлер әсер ететін өз-ара байланысқан агрегаттардан тұратын, күрделі нысан, яғни жүйе болып табылды [1]. Күкірт өндіру блогының негізгі агрегаттарына: реакторлар, атап айтқанда Клаус реакторы (R-001), термо (CBA) реакторлары (R-002, R-003); конденсаторлар (E-001, E-002, E-004); пеш (F-002); сепараторлар (D-001, D-004) және сорғыштар (B-001, B-002) жатады [2]. Мұндай күрделі технологиялық нысандардың математикалық модельдерін құру тәсілдерін талдау нәтижесінде, зерттеу жұмыстарында өзара байланысқан технологиялық агрегаттардан тұратын кешендердің математикалық модельдерін бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында құру, олардың жұмысын жүйелік модельдеу сұрақтары әлі де жеткіліксіз зерттелгені анықталған [3, 86].

Өндірістік технологиялық нысандар, жүйелердің математикалық модельдерін жасақтағанда, оларды құруға қажетті бастапқы ақпараттың жетіспеушілігіне байланысты мәселелер туындайды.

Бастапқы ақпараттың кездейсоқтығына байланысты туындайтын анықсыздық жағдайларында ықтималдық модельдеу немесе имитациялық модельдеу тәсілдерін қолдану ұсынылады [3, 9-126].

Алайда, егер анықсыздық, өндірісте жиі кездесетін, бастапқы ақпараттың айқын еместігіне байланысты туындаса, онда бұл тәсілдерді қолдануға болмайды. Бұл жағдайларды статистикалық ақпараттар жетіспейді, немесе жоқ, ақпарат айқын емес болғандықтан, сандық, статистикалық ақпаратты жинау мүмкін емес және ықтималдар теориясының аксималары (нысанның статистикалық тұрақтылығы, бірдей жағдайларды эксперименттердің



қайталануы т.б.) орындалмайды, сондақтан ықтималдық тәсілдерді қолдануға негіз жоқ. Статистикалық ақпараттап жинау мақсатымен белсендік эксперименттер жүргізу мүмкін емес, не экономикалық көз қарастан тиімсіз [13, 14]. Яғни бұл жағдайларда, негізгі қол жетімді ақпарат, адам – шешім қабылдаушы тұлға, маман-эксперттердің білімі, тәжірибесі, түйсігі болып келетін сөз, сөйлем, ой-пікір, пайымдау түрінде айтылған айқын емес ақпарат болады. Мұндай жағдайларда модель құруға қажетті ақпараттың жетіспейтін бөлігін айқын емес ақпарат есебінен толықтыруға болатыны сөзсіз. Яғни эксперттік бағалауды [15 – 17] ұйымдастыру және жүргізу және оның нәтижелерін айқын емес жиындар теориясы тәсілдерімен өңдеу қажет [1, 4, 18, 19]. Аталған айқын емес ақпарат көздері сенімді, яғни ШҚТ, маман-эксперттер білікті болғанда және эксперттік бағалау мен оның нәтижелері дұрыс өңделген болса, онда мұндай ақпараттар негізінде күрделі, сандық сипатталмайтын өндірістік нысандар мен процесстердің түрлі параметрлері арасындағы барлық күрделі байланыстарды есекеретін, өндірістік жағдайға барынша сәйкес келетін модельдерді құруға болады. Алынған айқын емес модельдер, әдетте, дәстүрлі тәсілдермен құрылған модельдерге қарағанда (ондай модельдер құрылуы мүмкін болса) шынайы өндірістік нысандар мен есептерді жоғары адекваттықпен сипаттайды. Сондықтан, өндірістегі технологиялық жүйелердің математикалық модельдерін қол жетімді түрлі ақпараттар, соның ішінде айқын емес ақпараттар, негізінде жүйелік талдау методологиясын қолдану арқылы құру ғылым мен өндіріс үшін аса *өзекті* болып табылады.

**Бұл жұмыстың мақсаты** күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттары мысалында сандық күрделі сипатталатын технологиялық агрегаттардың математикалық модельдер кешенін жүйелік талдау негізінде құру методикасын жасақтау және күкірт өндіру блогы негізгі реакторлары модельдерін құру болып табылады.

**2. Есептің, міндеттердің қойылымы.** Бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі мен анықсыздық жағдайда жұмыс жасайтын, сандық ақпаратпен сипатталуы күрделі болатын өндірістік технологиялық нысандардың математикалық модельдері жүйесін құру методикасын тұжырымдап, қол жетімді бастапқы ақпараттың бір бөлігі айқынсыздықпен сипатталатын Клаус реакторы мен терморекторлары мысалында, оларды оптималды басқару мақсатымен R-001, R-002 және R-003 реакторлары математикалық модельдерін статистикалық деректер мен айқын емес ақпаратты қолдана отырып құру қажет [19]. Статистикалық тәсілдер, эксперттік бағалау және айқын емес жиындар теориясы тәсілдері көмегімен Клаус және термо реакторлары математикалық модельдерін құру есебін тұжырымдайық. Бастапқы қол жетімді ақпаратты жинақтау және өңдеу нәтижесінде аталған реакторлар шығысындағы күкірт шығысын (көлемін) бағалауға қажетті статистикалық деректерді эксперименттер арқылы алуға болатыны, яғни реакторлар шығысындағы күкірт шығысын анықтайтын статистикалық модельдерді регрессиялық теңдеулер түрінде құруға болатыны анықталған. Өндірілген күкірттің сапасын бағалайтын сандық ақпарат жеткіліксіз және оны жинақтау мүмкін емес болғандықтан, күкірт сапасын бағалайтын модельдерді қосымша айқын емес ақпараттарды негізінде құру керек.

Сонымен өзара байланысқан ішкі (параметрлік) және сыртқы (құрылымдық) циклдік процесс арқылы күкірт өндірісінің зерттеліп отырған реакторларының математикалық модельдерін келесі жиынтық регрессия және айқын емес регрессия теңдеулері түрінде идентификациялау есебі қойылады:

$$y_j = a_{0j} + \sum_{i=1}^n a_{ij}x_{ij} + \sum_{i=1}^n \sum_{k=i}^n a_{ijk}x_{ij}x_{kj} + \dots, \quad j = 1, 2;$$

$$\tilde{y}_j = \tilde{a}_{0j} + \sum_{i=n+1}^m \tilde{a}_{ij}x_{ij} + \sum_{i=n+1}^m \sum_{k=i}^m \tilde{a}_{ijk}x_{ij}x_{kj} + \dots, \quad j = 3, 4.$$

Тұрғызылған модельдер терморектор мен Клаус реакторы шығысындағы күкірттің көлемі ( $y_j$ ,  $j = 1, 2$ ) мен күкірттің сапасын сипаттайтын айқын емес көрсеткіштерді, атап айтқанда, Клаус реакторынан алынған өнімдегі күкірттің массалық үлесі мен судың массалық үлесін ( $\tilde{y}_j$ ,  $j = 3, 4$ ) адекватты сипаттауға тиіс.

**3. Шешу тәсілдері, нәтижелер – жүйелік талдау негізінде түрлі ақпараттар негізінде технологиялық нысандар математикалық модельдерін құру методикасы және Клаус пен терморекторлардың модельдері.** Күкірт өндіру блогы агрегаттары өз-ара байланыста және олардың біреуінің режимдік параметрлерінің өзгеруі басқаларының параметрлерін өзгеруіне, алып келеді, күкірт өндіру процесіне әсер етеді. Сол себептен күкірт өндіру процесін оптимизациялау және басқару үшін, технологиялық параметрлердің әр агрегатқа, тұтас кешеннің аралық және соңғы өнімдеріне әсер етуін ескеретін, жүйелік талдау негізінде негізінде құрылған технологиялық кешеннің негізгі агрегаттарының модельдер жүйесі қажет болады. Мұндай модельдер жүйесін (пакетін) құру мақсатында бұл жұмыста жүйелік талдау тәсілдері [17, 20], ықтималдық, эксперименталдық-статистикалық тәсілдер [3, 8 – 12] және эксперттік бағалау мен айқын емес жиындар тәсілдері [15 – 19] қолданылады.

Күрделі өндірістік технологиялық нысандардың математикалық модельдері кешенін жүйелік талдау негізінде құру методикасын тұжырымдайық. Технологиялық жүйедегі әр нысанның моделі түрлі тәсілдемелер мен тәсілдер көмегімен құрылуы, яғни күкірт өндіру кешенінің әр агрегатына модельдер жиыны алынуы мүмкін, мысалы детерминді, статистикалық, айқын емес немесе құрылымдалған.

Мұндай түрлі модельдерді технологиялық кешенді тұтастай, яғни жүйелі модельдеу мақсатымен бір кешенге (модельдер пакетіне) үшін, құрылуы мүмкін әр модельдің артықшылықтар мен кемшіліктерін жүйелік талдау қажет. Ол үшін модель құруға қажетті шығындарды, модель дәлдігін, адекваттығын, мақсатқа байланысты қолдану мүмкіндігін т.б. сипаттамаларын бағалайтын критерийлерді анықтау және құрылатын модельдерді бір пакетке біріктіру принципін анықтау керек.

Осы мақсатпен күкірт өндіру блогының негізгі агрегаттарының құрылуы мүмкін түрлі модельдері типтері жүйелік талданған. Күкірт өндіру кешені мен процесі ерекшеліктерін зерттеу [1, 21], эксперименттер мен эксперттік бағалау деректерін және аталған немесе ұқсас кешендер агрегаттарын модельдеу тәсілдемелерін [1, 6] талдау нәтижесінде күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының тұрғызылуы мүмкін модельдері типтері бағаланған. Бұл талдау (модельдерді бағалау) нәтижелері кесте 1 түрінде рәсімделген. Бағалау жүргізілетін модельдердің түрлі типтерін салыстыру негізгі критерийлері ретінде: модель құруға қажетті ақпараттың қол жетімдігі; модельді құру құны (күрделігі); модель дәлдігі (адекваттығы); модельді қажеттігіне (біздің жағдайда анықсыздық жағдайында көпкритерийлік оптимизациялау, басқару есептерін шешуде) қолданылуы; нысанды тұтастай жүйелі модельдеу мақсатында құрылған модельді бір жүйеге (пакетке) біріктіру мүмкіндігі.

1 -Кесте күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдерін жүйелік талдау нәтижелерін өңдеу негізінде алынған бағалауларды бейнелейді. Кестеде келтірілген ақпараттар негізінде, таңдалған критерийлер бойынша күкірт өндірісі негізгі агрегаттары модельдерінің тиімді түрлерін таңдауға болады.

Атырау МӨЗ-дағы күкірт өндіру блогы реакторларының регрессиялық модельдерін құру үшін дұрыс статистикалық ақпаратты жинау арнаулы өндірістік аспаптардың (құралдардың) жетіспеушілігіне немесе жоқтығына және бар аспаптардың сенімділіктерінің төмендігіне баайланысты күрделі болып табылады. Сол себептен ақпараттың жетіспейтін бөлігін қосымша сапалық ақпаратпен (маман-эксперттер білімі, тәжірибесі, ой-пікірі) толықтыратын тиімді құрал ретінде эксперттік бағалау тәсілдерін, ал модельдер құру тәсілі ретінде – айқын емес жиындарға негізделген модельдер мен құрамдалған тәсілдерді таңдау ұсынылады.

Құрылатын айқын емес немесе құрама модельдердің дәлдігі, әдетте, қарастырылған басқа модельдермен салыстырғанда төмендеуі, бірақ айқынсыздық жағдайларда күкірт өндіру процесстерін модельдеу, оптимизациялау мен басқаруға әбден жеткілікті.

Практикада ақпарат жетіспеушілігінде модельдеу құру үшін кел-келген сипаттағы қол жетімді пайдалануға тура келеді. Мұндай түрлі ақпарат негізінде тұрғызылған модельді *құрама модель* деп атаймыз. Алайда құрама модельді құру түрлі сипаттағы эксперименттер мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізуді, сондай-ақ жиналған деректерді алдын-ала өңдеу қажет ететіндіктен тиімсіз болуы мүмкін.

Кесте 1 – Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдер түрлерін жүйелік талдау нәтижелері

№ р/б	Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттары	Критерийлер	Модель түрлері			
			Детер- минді	Статис- тикалық	Айқын емес	Құрам- далған
1	2	3	4	5	6	7
1.1	Реакторлар (R-001, R-002, R-003)	Қажетті ақпараттың қол жетімдігі	2.5	4.5	4.5	5.0
1.2		Модельді құру құны	1.0	4.0	3.5	3.0
1.3		Модель дәлдігі	4.5	3.0	2.5	4.0
1.4		Қажеттілігіне қолдану мүмкіндігі	3.5	4.0	3.5	5.0
1.5		Бір пакетке біріктіру мүмкіндігі	4.0	3.5	3.5	3.5
1.6		Модель адекваттығы	3.0	3.5	3.5	4.0
		<b>Бағалар қосындысы</b>	<b>18.5</b>	<b>22.5</b>	<b>21.5</b>	<b>24.5</b>
2.1	Кнденсатор- лар (E-001, E-002, E-004)	Қажетті ақпараттың қол жетімдігі	3.5	4.5	4.0	4.0
2.2		Модельді құру құны	1.5	4.0	3.5	3.0
2.3		Модель дәлдігі	4.5	3.5	3.5	3.5
2.4		Қажеттілігіне қолдану мүмкіндігі	4.0	4.0	4.0	4.5
2.5		Бір пакетке біріктіру мүмкіндігі	4.5	4.0	4.0	4.0
2.6		Модель адекваттығы	3.5	3.5	3.5	3.5
		<b>Бағалар қосындысы</b>	<b>21.5</b>	<b>23.5</b>	<b>22.5</b>	<b>22.5</b>
3.1	Пеш (F-002)	Қажетті ақпараттың қол жетімдігі	4.0	5.0	4.5	4.0
3.2		Модельді құру құны	3.0	5.0	4.0	4.0
3.3		Модель дәлдігі	4.5	4.5	3.5	4.0
3.4		Қажеттілігіне қолдану мүмкіндігі	4.0	4.0	4.0	4.0
3.5		Бір пакетке біріктіру мүмкіндігі	4.0	4.5	4.0	5.0
3.6		Модель адекваттығы	4.0	4.5	4.5	5.0
		<b>Бағалар қосындысы</b>	<b>23.5</b>	<b>27.5</b>	<b>24.5</b>	<b>25.0</b>
4.1	Сеператор- лар (D-001, D-004)	Қажетті ақпараттың қол жетімдігі	4.5	5.0	4.0	4.5
4.2		Модельді құру құны	3.0	5.0	4.0	2.5
4.3		Модель дәлдігі	4.5	4.5	2.0	4.0
4.4		Қажеттілігіне қолдану мүмкіндігі	4.0	4.5	4.5	4.5
4.5		Бір пакетке біріктіру мүмкіндігі	3.5	4.0	3.5	4.0
4.6		Модель адекваттығы	4.0	4.0	3.5	4.0
		<b>Бағалар қосындысы</b>	<b>23.5</b>	<b>27.0</b>	<b>21.5</b>	<b>23.5</b>
5.1	Сорғыштар (B-001, B-002)	Қажетті ақпараттың қол жетімдігі	4.5	4.0	4.0	4.5
5.2		Модельді құру құны	5.0	4.5	4.0	4.0
5.3		Модель дәлдігі	5.0	4.0	4.0	4.5
5.4		Қажеттілігіне қолдану мүмкіндігі	4.5	4.5	4.0	4.5
5.5		Бір пакетке біріктіру мүмкіндігі	4.5	4.0	4.0	4.0
5.6		Модель адекваттығы	4.5	4.0	4.0	4.5
		<b>Бағалар қосындысы</b>	<b>28.0</b>	<b>25.0</b>	<b>24.0</b>	<b>26.0</b>

Ескертпе: Бағалау (рангтеу) баллдар шкаласы бойынша (1 – 5), мұнда 1-ең төменгі баға; 5-ең жоғары баға. Бағалар айқын емес, айқын емес сандар болуы мүмкін.

Күкірт өндіру блогы реакторларының математикалық модельдері. Жоғарыда жүйелік талдау нәтижесінде анықталғандай Клаус және терморекторлардың модельдері жинақталып, өңделген статистикалық деректер, айқын емес жиындар теориясы тәсілдерімен өңделген

эксперттік бағалау нәтижелері және материалдық, жылу баланстары теңдеулері, яғни түрлі ақпараттар негізінде құрылады.

Реакторлардың математикалық модельдерін құрылымдық модельдерін көп және айқын емес регрессиялық модельдер түрінде идентификациялау үшін регрессорларды тізбектей қосу тәсілдемесі [22] идеясын қолданамыз, ал параметрлік идентификациялау үшін ең кіші квадраттар тәсілінің модификацияланған түрі пайдаланылады [23].

Сонымен аталған регрессорларды тізбектей қосу тәсілдемесі көмегімен реакторлардың математикалық модельдерінің құрылымы келесі көп және айқын емес регрессиялық теңдеулер түрінде алынған:

$$y_{TR} = a_0 + \sum_{i=1}^4 a_i x_i + \sum_{i=1}^4 \sum_{k=1}^4 a_{ik} x_i x_k \quad (1)$$

$$y_{RC} = a_0 + \sum_{i=5}^7 a_i x_i + \sum_{i=5}^7 \sum_{k=i}^7 a_{ik} x_i x_k \quad (2)$$

$$\tilde{y}_S = \tilde{a}_0 + \sum_{i=5}^7 \tilde{a}_i x_i + \sum_{i=5}^7 \sum_{k=i}^7 \tilde{a}_{ik} x_i x_k \quad (3)$$

$$\tilde{y}_W = \tilde{a}_0 + \sum_{i=5}^7 \tilde{a}_i x_i + \sum_{i=5}^7 \sum_{k=i}^7 \tilde{a}_{ik} x_i x_k \quad (4)$$

мұнда  $y_{TR}$  – терморектор шығысындағы күкірт көлемі;  $y_{RC}$  – Клаус реакторы шығысындағы күкірт көлемі; өндірілген күкірттің сапалық көрсеткіштері:  $\tilde{y}_S$  – күкірттің массалық үлесінің айқын емес бағасы (сорттығына байланысты 99.20%-дан 99.98%-ға дейін);  $\tilde{y}_W$  – өнімдегі судың массалық үлесінің айқын емес бағасы (сорттығына байланысты 1.0%-дан 0.2%-ға дейін); күкірт өндіру процесіне әсер ететін реакторлардың кіріс, режимдік параметрлері ( $x_i, i = \overline{1, 4}; x_i, i = \overline{5, 7}$ ):  $x_1$  – терморектор кірісіндегі шикізат (26–28 т/с);  $x_2$  – терморектор температурасы (1000–1413<sup>0</sup> С);  $x_3$  – терморектор шығысындағы температура (180–350<sup>0</sup> С);  $x_4$  – терморектордағы жану ауа ағынының шығыны (200–700 нм/м3);  $x_5$  – Клаус реакторы кірісіндегі шикізат (6–8 т/ч);  $x_6$  – Клаус реакторы кірісіндегі температура (180–290<sup>0</sup> С);  $x_7$  – Клаус реакторы шығысындағы (300–345<sup>0</sup> С);  $a_0, a_i, a_{ik}, i = \overline{1, 4}, k = \overline{i, 4}$  және  $\tilde{a}_0, \tilde{a}_i, \tilde{a}_{ik}, i = \overline{5, 7}, k = \overline{i, 7}$  – идентификацияланатын регрессия коэффициенттері (айқын және айқын емес  $\sim$  белгілерімен): реактор шығыс параметрлеріне әсер ететін бос мүше ( $a_0, \tilde{a}_0$ ); сызықтық әсерлер ( $x_i$ ); квадраттық және өз-ара әсерлер ( $x_{ik}$ ).

Алынған (1)–(4) модельдері регрессиялық коэффициенттері модификацияланған ең кіші квадраттар тәсілі негізінде REGRESS программалар пакеті көмегімен анықталған.

Сонымен реактор шығысындағы күкірт көлемінің олардың кіріс, режимдік параметрлерімен байланысын сипаттайтын модельдерді параметрлік идентификациялау нәтижелері:

$$\begin{aligned} y_{TR} = f_1(x_1, x_2, x_4) = & 0.686792x_1 + 0.012480x_2 - -0.052000x_3 - -0.026000x_4 + \\ & + 0.025917x_1^2 + 0.0000090x_2^2 - -0.0002080x_3^2 - -0.00005200x_4^2 + \\ & + 0.000471x_1x_2 - -0.000589x_1x_4 + 0.0000250x_2x_4 - -0.000104x_3x_4 \end{aligned} \quad (5)$$

$$\begin{aligned} y_{RC} = f_2(x_5, x_6, x_7) = & 0.6712330x_5 + 0.0171430x_6 - -0.0129230x_7 + 0.0788140x_5^2 + \\ & + 0.000058x_6^2 - -0.00003x_7^2 - -0.001566x_5x_6 - -0.000590x_5x_7 + 0.000035x_6x_7 \end{aligned} \quad (6)$$

Клаус реакторы шығысындағы күкірт сапасын сипаттайтын (3),(4) модельдерінің белгісіз айқын емес регрессиялық коэффициенттерін  $\tilde{a}_0, \tilde{a}_i, i = \overline{5, 7}$  және  $\tilde{a}_{ik}, i = \overline{5, 7}, k = \overline{i, 7}$  бағалау келесі  $\alpha$  деңгейлі жиындар  $\alpha = 0,5; 0,75; 1$  қолданылады.

Мысал ретінде  $\tilde{y}_S$  – Клаус реакторы шығысындағы өнімде күкірттің массалық үлесінің идентификацияланған айқын емес бағасын келтіреміз:

$$\begin{aligned} \tilde{y}_S = f_3(x_5, x_6, x_7) = & (0.5/0.037008 + 0.75/0.037020 + 1/0.037033 + 0.75/0.037045 + \\ & + 0.5/0.037057)x_5 + (0.5/0.076885 + 0.75/0.076900 + 1/0.076915 + 0.75/0.076930 + \\ & + 0.5/0.076945)x_6 - (0.5/0.169430 + 0.75/0.169455 + 1/0.169475 + 0.75/0.169495 + \\ & + 0.5/0.169520)x_7 + (0.5/0.000010 + 0.75/0.000020 + 1/0.000027 + 0.75/0.000034 + \\ & + 0.5/0.000044)x_5^2 + (0.5/0.000093 + 0.75/0.000108 + 1/0.000118 + 0.75/0.000128 + \\ & + 0.5/0.000143)x_6^2 - (0.5/0.000007 + 0.75/0.000057 + 1/0.000574 + 0.75/0.000157 + \\ & + 0.5/0.000207)x_7^2 + (0.5/0.000050 + 0.75/0.000070 + 1/0.000080 + 0.75/0.000090 + \\ & + 0.5/0.00011)x_5x_6 - (0.5/0.000045 + 0.75/0.000065 + 1/0.000075 + 0.75/0.000085 + \\ & + 0.5/0.000105)x_5x_7 - (0.5/0.000174 + 0.75/0.000199 + 1/0.000209 + 0.75/0.000219 + \\ & 0.5/0.000244)x_6x_7. \end{aligned} \quad (7)$$

**4. Алынған нәтижелерді талқылау.** Атырау МӨЗ қолданыстағы күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдер түрлерін жүйелік талдау нәтижелерінен реакторлар мен ондағы жүретін процесстердің күрделілігіне, оларды зерттеу қиындығына және теориялық мәліметтер мен қажетті деректерді алу мүмкін болмағандықтан реакторларға детерминді модель құру практикалық тұрғыдан мүмкін емес немесе экономикалық көз-қарастан тиімсіз болатындығы критерийлер қосындылары мәнінен көрінеді (18,5, кесте 1).

Бағалау нәтижелері бойынша статистикалық (стохастикалық) және айқын емес модельдер күкірт өндіру блогы реакторлары үшін, салыстырмалы жоғары алғанда жоғары баллдармен (21,5; 22,5) бағаланған, алайда критерийлер бағасы қосындысы бойынша реакторлар үшін ең тиімді модельдің түрі құрамдалған модель болып табылады (24,5). Яғни реакторларға құрамдалған модельдер тұрғызу қажет.

Сорғыштарға критерийлер бағалары бойынша детерминді модельді құру, басқа модельдерді құрумен салыстырғанда жоғары (28,0), яғни оларға детерминді модель құру тиімді (кесте 1). Жүйелік талдау негізінде тұрғызылған кестеде көрсетілгендей конденсатарларға, пешке және сепараторларға статистикалық модельдер құру ең оптималды шешім болып табылады (сәйкесінше 23,5; 27,5; 27).

Технологиялық агрегаттар кешеніне енетін агрегаттардың модельдерін құруда, алынған модельдерді бір жүйеге біріктіру сұрақтары ескерілмейтін, әр агрегат моделі жеке құрылатын декомпозициялау тәсілдемесі жиі қолданылады. Жүйелік модельдеу сұрақтарын мұндай жеке шешу қалаулы тиімділікті, оң нәтиже бермейді. Технологиялық жүйенің жеке агрегатының жұмысы жүйенің басқа агрегаттары жұмыстарымен байланысты болғандықтан, жеке агрегатты модельдеу мен оптимизациялау жүйе жұмысын жақсартуға толықтай жағдай туғыза алмайды. Сондықтан технологиялық жүйені модельдеу мен оптимизациялау мәселелерін толықтай шешу үшін агрегаттар арасындағы байланыстарды ескере отырып, олардың өз-ара байланысқан модельдер пакетін құру қажет. Мұндай модельдер пакетін қолдана отырып, технологиялық кешенді жүйелік модельдеуге болады. Технологиялық кешенді жүйелік модельдеу нәтижесінде оның жұмысын тежейтін «жіңішке жерлерін» анықтауға болады, ал ол

жерлердің мәселелерін шешу технологиялық кешен мен процесстің қуаттылығы мен өнімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Агрегаттардың жеке модельдерін бір модельдер жүйесіне (пакетіне) біріктіру технологиялық кешенді процесстің жүруіне сәйкес орындалуы керек. Бұл кезде бір модельдердің шығысы (модельдеу нәтижелері) басқа модельдердің кірісі (модельдеуге қажетті бастапқы деректер), ал бұл модельдердің шығысы алдыңғы немесе басқа модельдердің кірісі болуы мүмкін. Мысалы, күкірт өндіру кешенінде E-001 конденсаторы моделінің шығысы, яғни оны модельдеу нәтижелері E-004 конденсаторы моделінің кірісі болады, ал бұл конденсаторды модельдеу нәтижелері R-001 Клаус реакторының кірісі ретінде пайдаланады. Өз кезегінде, Клаус реакторы модельдері шығыстары параллельді қосылған R-002, R-003 реакторлары мен E-002 конденсаторларын модельдеуде бастапқы ақпарат ретінде қажет болады.

Клаус реакторының өнімі, яғни күкірттің шығысын сипаттайтын модель көпрегрессиялық регрессия түрінде эксперименталдық-статистикалық тәсілдер көмегімен идентификацияланған, ал күкірт сапасын бағалайтын модельдер айқын емес регрессиялық теңдеулер түрінде эксперттерден алынған айқын емес ақпарат негізінде тұрғызылған.

**5. Қорытынды.** Жүйелік талдау нәтижесінде түрлі ақпараттар негізінде технологиялық нысандардың математикалық модельдерін құру методикасы тұжырымдалған. Ұсынылған методика бойынша технологиялық кешеннің әр агрегатының моделі ұсынылған салыстыру және таңдау критерийлері негізінде агрегаттың құрылуы мүмкін түрлі модельдері арасынан ең тиімдісі анықталып, таңдалады. Күкірт өндіру блогы негізгі агрегаттарының құрылуы мүмкін модельдері жүйелік талданып, әр агрегатқа құрылуы тиімді модельдер түрі анықталған.

Жүргізілген жүйелік талдау, зерттеу нәтижелері негізінде, жинақталған және өңделген ақпараттарды пайдалану арқылы Атырау МӨЗ күкірт өндіру блогы реакторларының математикалық модельдерінің құрылымы мен параметрлері идентификацияланған.

Терморектор мен Клаус реакторы шығысындағы күкірт көлемінің олардың кіріс және режимдік параметрлеріне байланысын сипаттайтын модель көпрегрессиялық теңдеулер түрінде анықталған. Күкірттің сапалық көрсеткіштері: Клаус реакторынан шығысындағы өнімде күкірт пен судың массалық үлестері, көпрегрессиялық айқын емес теңдеулер түрінде құрылымдық идентификацияланған. Сонымен жұмыста күкірт өндіру блогы мысалында, өз-ара байланысқан агрегаттардан туратын технологиялық кешендердің модельдер пакетін құру методикасы оны жүзеге асыру нәтижелері келтірілген.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Оразбаев Б.Б. Моделирование и оптимальное управление режимами работы установки производства серы: монография / Б.Б. Оразбаев, Б.Е. Утенова. -Нур-Султан. ЕНУ, 2012.-152 с.
- 2 Технологический регламент установки получения кокса Атырауского НПЗ. -Атырау: Акжайык. 2016, -212 с.
- 3 Zhi-Wen Zhao, De-Hui Wang. Statistical inference for generalized random coefficient autoregressive model // Mathematical and Computer Modelling.- 2012.- V.56. -P.152 – 166.
- 4 Оразбаева К.Н., Надиров Н.К., Сармурзина Р.Г. М?най ??деу, м?най химиясы технологиялы? кешендеріні? математикалы? модельдерін а?паратты? жетіспеушілігі ж?не ай?ын еместігі жа?дайында ??ру т?сілі// Доклады НАН РК. Серия физика-математическая.-2010.№2.-С.77-81. том 17.
- 5 Sharikov U.V., Petrov P.A. Universal model for catalytic reforming // Chemical and Petroleum Engineering. 2013. V. 43. № 9. -P. 580 – 597.
- 6 Stampar, S. Sokolic, G. Karer, A. Znidarsic, I. Skrjanc. Theoretical and fuzzy modelling of a pharmaceutical batch reactor // Mathematical and Computer Modelling. 2011. V. 53. № 8. -P. 637-645.
- 7 Анчита Х. Переработка тяжелой нефти. Реакторы и моделирование процессов: монография / Х. Анчита. - Вологда: Инженерия, 2015. -592 с.
- 8 Беккер В.Ф. Моделирование химико-технологических объектов управления: учеб. пособие / В.Ф. Беккер - М.: ИЦ РИОР, НИЦ ИНФРА. –М.: 2014. -142 с.
- 9 Гмурман В.Е. Теория вероятностей и математическая статистика: учеб. для вузов / В.Е. Гмурман. -М.: Высшее образование. 2006, -479 с.
- 10 Акопов А.С. Имитационное моделирование: учебник / А.С. Акопов. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 389 с.
- 11 Девятков В.В. Имитационное моделирование: учеб. пособие / В.В. Девятков, Н.Б. Кобелев. - М.: КУРС, НИЦ ИНФРА-М, 2013. - 368 с.
- 12 Воробьев С.Н. Статистическое моделирование информационных систем: учеб. пособие / С.Н. Воробьев. - СПб.: ГУАП, 2010. - 152 с.

- 13 Афонин, В.В. Моделирование систем: учебно-практическое пособие / В.В. Афонин, С.А. Федосин. - М.: Интуит, 2016. - 231 с.
- 14 Сериков Т.П. Мұнай өңдеу технологиялық нысандарын математикалық тәсілдер негізінде қарқындандыру: монография / Т.П. Сериков, К.Н. Оразбаева. –Алматы: Эверо. -2006. -157 с.
- 15 Sabzi H.Z. Developing an intelligent expert system for streamflow prediction, integrated in a dynamic decision support system for managing multiple reservoirs: A case study // Expert systems with applications. 2017. -V. 82.- № 3. -P. 145–163.
- 16 Джарратино Д. Экспертные системы: принципы разработки и программирование: учебник / Д. Джарратино. – 4-е изд. –М: ООО «И.Д. Вильямс». –2007. –1152 с.
- 17 Рыков А.С., Оразбаев Б.Б. Системный анализ и исследование операции: Экспертные оценки. Методы и применение: учеб. пособие / А.С. Рыков, Б.Б. Оразбаев. -М.: МИСиС, 1995. -115с.
- 18 D. Dubois. The role of fuzzy sets indecision sciences: Old techniques and new directions // Fuzzy Sets Systems, - 2011. V.184. -№5, P.3-28.
- 19 Orazbaev B.B., Orazbayeva K.N., Utenova B.E. Development of Mathematical Models and Modeling of Chemical Engineering Systems under Uncertainty// Theoretical Foundations of Chemical Engineering.- 2014.- V. 48, № 2. -P. 138-147.
